

**"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және "Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы N 573 Қаулысы.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.27 № 355 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 15) тармақшасына, "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.12.2022 № 986 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесі бекітілсін.

1-1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттары айқындалсын.

**Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.27 № 355 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 511 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 22, 270-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 511 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 328 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 15, 144-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

## **"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.12.2022 № 986 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 15) тармақшасына, "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына (бұдан әрі – № 470 Жарлық) сәйкес әзірленді және "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ауылдық елді мекеннен шыққан үміткер – Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерінде соңғы 2 (екі) жыл ішінде тұратын және еңбек қызметін жүзеге асыратын және магистр дәрежесін алу үшін конкурсқа қатысатын үміткер;

2) "Болашақ" халықаралық стипендиясы (бұдан әрі – "Болашақ" стипендиясы) – Қазақстан Республикасы азаматтарының күндізгі оқу нысаны бойынша шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі оқу орындарында оқуы немесе санаттарын Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия айқындайтын жұмыскерлердің шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуі үшін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендия;

3) "Болашақ" стипендиясының әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – шетелде кадрлар даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұйым;

4) "Болашақ" стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпазы (бұдан әрі – конкурс жеңімпазы) – осы Қағидаларда көзделген барлық турлардан өткен және Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешіміне сәйкес "Болашақ" стипендиясы тағайындалған үміткер;

5) жұмыс беруші – жұмыскер Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру бойынша еңбек қатынастарында тұратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы, оның филиалы, өкілдігі;

6) инженерлік-техникалық қызметкер – өндірістік процесті (өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, өңдеуді/қайта өңдеуді), оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында ұйымдастыру мен басқаруды, сондай-ақ ұйымдағы тікелей өндірістік қызметті жүзеге асыратын, "Болашақ" стипендиясы шеңберінде техникалық бағыттағы мамандықтар бойынша оқыту үшін мамандығының таңдаған саласында кемінде 1 (бір) жыл жалпы өтілі бар жеке тұлға;

7) кешенді тестілеу – зияткерлік қабілеті, тұлғалық-іскерлік құзыреттер деңгейін, шетелде оқуға психологиялық дайындығын айқындау бойынша тестілеу;

8) магистратура алдындағы дайындық – егер бұл академиялық оқуға қабылдау үшін оқу орнының міндетті талабы болса, конкурс жеңімпаздарын академиялық оқитын елінде 2 (екі) айдан аспайтын мерзімде шетелдік жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне және оқыту әдістеріне бейімдеп дайындау;

9) медицина қызметкері – медициналық ұйымдарда еңбек қызметін жүзеге асыратын және тікелей медициналық көмек көрсететін, "Болашақ" стипендиясы шеңберінде медициналық бағыттағы мамандықтар бойынша оқу үшін жалпы медициналық өтілі кемінде 1 (бір) жыл, жоғары медициналық білімі бар жеке тұлға;

10) тәуелсіз сараптамалық комиссия – "Болашақ" стипендиясын тағайындау конкурсына (бұдан әрі – конкурс) қатысатын үміткермен жеке әңгімелесуді жүзеге асыратын, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

11) үміткер – осы Қағидаларда көзделген талаптар мен шарттарға сай келетін және конкурсқа қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы;

12) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия – "Болашақ" стипендиясы мәселелері жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган ( бұдан әрі – Республикалық комиссия);

13) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – жұмыс органы).

3. "Болашақ" стипендиясы дербес болып табылады және оны "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесіне сәйкес Республикалық комиссия:

1) конкурс жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын, конкурсқа қатысу сәтінде немесе кейінгі жылдары бекітілген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың тізіміне енгізілген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасы азаматтарының күндізгі оқу нысаны бойынша магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуы, резидентурада оқуы;

2) конкурс жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың тізіміне кіретін шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының базасындағы шетелдік ұйымдарда, сондай-ақ әлемге танылған ғылыми-зерттеу орталықтарында, зерттеу науқандары шеңберінде ғылыми ұйымдарда, салалық ұйымдарда және өндірісте 12 (он екі) айға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан Республикалық комиссия айқындайтын қызметкерлер санаттарының тағылымдамадан өтуі мақсатында тағайындайды.

Жұмыс органы конкурс жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың тізімін (бұдан әрі – тізім), сондай-ақ тізімді қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді.

"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесін (бұдан әрі – тізбе) № 470 Жарлыққа сәйкес орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынатын өтінімдер негізінде жұмыс органы әзірлейді.

Тізбені халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның еңбек нарығы қажеттілігінің орта мерзімді болжамын ескере отырып, мамандықтар бағыттары бойынша стипендиялардың шекті санын анықтау арқылы жұмыс органы қалыптастырады.

4. "Болашақ" стипендиясы мынадай санаттарға тағайындалады:

1) академиялық оқуға өз бетінше түскен немесе тізімге енгізілген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында оқитын магистр, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алуға, резидентурада оқуға үміткерлер;

2) ауылдық елді мекеннен шыққан магистр дәрежесін алуға үміткерлер;

3) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде инженерлік-техникалық қызметкерлер болып табылатын магистр дәрежесін алуға үміткерлер;

4) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде медицина қызметкерлері болып табылатын магистр дәрежесін алуға үміткерлер;

5) конкурсқа қатысу үшін құжаттар тапсыру кезінде Республикалық комиссия айқындаған Қазақстан Республикасы ұйымдарының қызметкерлері санатына жататын, жалпы жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл, оның ішінде мамандығының таңдаған саласында үзіліссіз соңғы 12 (он екі) ай жұмыс өтілі бар "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 2-тармағына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдарды қоспағанда, құжаттар тапсыру кезінде ақысы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы ескеріліп, талап етілген кезең үшін міндетті зейнетақы аударымдары расталған тағылымдамадан өтуге үміткерлер.

5. Құжаттарды қабылдау және конкурс өткізу мерзімдерін жұмыс органы жыл сайын бекітеді және Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын

Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында құжаттарды қабылдау мерзімі басталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей орналастырады.

6. "Болашақ" стипендиясы бойынша іс-шараларды іске асыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады және:

"Болашақ" стипендиясын тағайындауға үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру және өткізу;

оқу, кепіл және (немесе) кепілдік шарттарын жасасу;

стипендиаттардың академиялық оқуын және тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру және мониторингілеу;

оқытуды және тағылымдамадан өтуді ұйымдастыруға байланысты шығыстарды қаржыландыру;

стипендиаттардың Қазақстан Республикасының аумағында еңбекпен өтеу бөлігінде шарт талаптарын орындауына мониторинг жүргізу;

халықаралық әріптестермен, шетелдік оқу орындарымен стипендиаттарды оқытуды ұйымдастыруға арналған шарттар жасасу;

"Болашақ" стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты, оның ішінде "Болашақ" стипендиясы бойынша іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі шығыстарды төлеу;

үміткерлер үшін кешенді тестілеуді өткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу;

үміткерлермен дербес әңгімелесу өткізгені үшін тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерінің қызметтеріне ақы төлеу;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын "Болашақ" стипендиясын жұмсау бағыттары бойынша шығыстарды төлеу (бұдан әрі –жұмсау бағыттары).

7. "Болашақ" стипендиясы тағылымдамадан өту, әрбір дәрежені (магистр, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) алу, резидентурада оқу үшін бір рет тағайындалады.

Бұрын тағайындалған стипендияны пайдаланбаған және оқуға немесе тағылымдамаға кіріспеген адамдардың әкімші алдында берешегі болмаған жағдайда оларға "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін конкурсқа қайтадан қатысуға бір рет мүмкіндік беріледі.

8. Конкурсқа қатысуға жоғары білімі не бакалавр дәрежесі бар және осы Қағидалардың шарттары мен талаптарына сәйкес құжаттарын ұсынған, тілдік курстарда оқуға, академиялық оқуға/тағылымдамаға және кейіннен еңбекпен өтеуге кететін жиынтық мерзімдерін ескергенде құжат тапсырған кезде заңнамада жалпы белгіленген зейнеткерлік жас шегінен аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.

Жұмыс органы үміткерлер үшін мемлекеттік тілді меңгерудің қажетті ең төменгі деңгейін бекітеді. Үміткерлер үшін шет тілін білудің қажетті ең төменгі деңгейін

жұмыс органы шетелдік жоғары оқу орындарының, шетелдік серіктестердің талаптарын ескере отырып айқындайды және бекітеді.

"Болашақ" стипендиясы шеңберінде алған мамандығы бойынша үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыру бойынша шарттық міндеттемелерді орындамаған, ғылыми тағылымдамадан өту шеңберінде тағылымдамадан өткен және еңбекпен өтеу бойынша шарттық міндеттемелерді орындамаған, сондай-ақ әкімші алдында оқытуға/тағылымдамадан өтуге жұмсалған бюджет қаражатын қайтаруға байланысты берешегі бар адамдар "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

## **2-тарау. "Болашақ" стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін магистр дәрежесін алуға үміткерлерге қойылатын талаптар**

9. "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін үміткерлердің магистр дәрежесін алуға конкурсқа қатысу шарттары мынадай болып табылады:

1) ауылдық елді мекендерден шыққан үміткерлерді, инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлерін қоспағанда, тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орнына академиялық оқуға сөзсіз қабылдануы (қаржылық шарттарды қоспағанда).

Тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар магистр дәрежесін тағайындау үшін академиялық оқудың бүкіл кезеңі үшін академиялық оқу ақысын қамтитын шығыстарды толық өтей отырып, ұсынатын магистр дәрежесін тағайындау үшін өтеусіз негізде академиялық оқуға шартсыз шақыруы (қабылдауы) бар үміткердің конкурсқа қатысуына жол беріледі;

2) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес мемлекеттік тілді білуі;

3) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес шет тілін білуі;

4) ауылдық елді мекеннен шыққан үміткерлер, инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлері үшін бакалавр немесе маман дипломының орташа балы кемінде 3.0 (4.0/4.33) GPA-ге немесе жұмыс органы бекітетін "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалығы кестесіне (бұдан әрі – бағалар баламалылығы кестесі) сәйкес оның баламасына сәйкес келуі;

5) ауылдық елді мекеннен шыққан үміткерлер, инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлері үшін бакалавр/маман дипломы бойынша мамандығының жұмыс органы бекітетін "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелде оқуы үшін мәнделес мамандықтар тізбесіне (бұдан әрі – мәнделес мамандықтар тізбесі) сәйкес таңдаған мамандыққа сәйкес келуі.

10. Үміткерлер магистр дәрежесін алуға конкурсқа қатысу үшін әкімшіге " электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жұмыс органы бекітетін нысан бойынша "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін толтырылған сауалнама (бұдан әрі – сауалнама);

2) портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған паспорт (сканерленген көшірмесі) және жеке куәлік;

3) қосымшасымен бірге бакалавр немесе маман дипломы, сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымында оқыған болса, білімі туралы құжатты тану туралы куәлік не Заңның 39-бабының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білімі туралы құжатты тану туралы өзге де құжат;

4) ауылдық елді мекеннен шыққан үміткерлер, инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлері үшін еңбек қызметін растайтын құжаттар, сондай-ақ "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 2-тармағына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдарды қоспағанда, портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және дерекқордан алынған осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметінің кезеңі үшін аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді;

5) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат;

6) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат;

7) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша медициналық анықтама (шетелге шығатындар үшін);

8) ауылдық елді мекеннен шыққан үміткерлерді, инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлерін қоспағанда, оқу бағдарламасы, мамандығы, оқу кезеңі көрсетілген, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар, академиялық оқуға сөзсіз қабылданғанын растайтын құжаттардың (қаржылық шарттарды қоспағанда) көшірмелері;

9) тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар академиялық оқудың бүкіл кезеңі үшін академиялық оқу ақысын қамтитын шығыстарды толық өтей отырып ұсынатын, мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармалары бар (бар болса), академиялық оқуға үміткердің өтеусіз негізде қабылданғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

10) тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында академиялық оқуда оқитын адамдар үшін шетелдік жоғары оқу орны берген үлгерімі туралы ресми құжат/мамандығын, курсы (оқу жылын), осы оқу орнында пайдаланылатын бағалау

жүйесі туралы ақпаратты, сондай-ақ осы оқу орнындағы ағымдағы үлгерімінің орташа балы көрсетілген белгіленген үлгідегі анықтама, бар болса, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы;

11) ауылдық елді мекеннен шыққан үміткердің тұрғылықты жері туралы әкімші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және дерекқорлардан алған мәліметтер.

### **3-тарау. "Болашақ" стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға, резидентурада оқуға үміткерлерге қойылатын талаптар**

11. "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға, резидентурада оқуға конкурсқа қатысу шарттары мынадай болып табылады:

1) тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орнына академиялық оқуға сөзсіз қабылдануы (қаржылық шарттарды қоспағанда).

Тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін тағайындау, резидентурада оқу үшін академиялық оқудың бүкіл кезеңі үшін академиялық оқу ақысын қамтитын шығыстарды толық өтей отырып, ұсынатын философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін тағайындау, резидентурада оқу үшін академиялық оқуға өтеусіз негізде шартсыз шақыруы (қабылдауы) бар үміткердің конкурсқа қатысуына жол беріледі;

2) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес мемлекеттік тілді білуі.

12. Үміткерлер философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға, резидентурада оқуға конкурсқа қатысу үшін әкімшіге портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған анкета;

2) портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған паспорт (сканерленген көшірмесі) және жеке куәлік;

3) қосымшасымен бірге бакалавр немесе маман дипломы, сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымында оқыған болса, білімі туралы құжатты тану туралы куәлік не Заңның 39-бабының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білімі туралы құжатты тану туралы өзге де құжат;

4) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша медициналық анықтама (шетелге шығатындар үшін);

6) мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар, оқу бағдарламасы, мамандығы, оқу кезеңі көрсетілген академиялық оқуға сөзсіз



қабылданғанын растайтын құжаттардың көшірмелері (қаржылық шарттарды қоспағанда);

7) тізімге енгізілген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар академиялық оқудың бүкіл кезеңі үшін академиялық оқу ақысын қамтитын шығыстарды толық өтей отырып ұсынатын, мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармалары бар (бар болса), академиялық оқуға үміткердің өтеусіз негізде қабылданғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

8) тізімге енгізілген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында академиялық оқуда оқитын адамдар үшін шетелдік жоғары оқу орны берген үлгерімі туралы ресми құжат/мамандығын, курсы (оқу жылын), осы оқу орнында пайдаланылатын бағалау жүйесі туралы ақпаратты, сондай-ақ осы оқу орнындағы ағымдағы үлгерімінің орташа балы көрсетілген белгіленген үлгідегі анықтама, бар болса – мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы;

9) тізімге енгізілген шетелдік жетекші жоғары оқу орнымен келісілген және осы шетелдік жетекші жоғары оқу орны философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін белгілеген мерзімдерден аспайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар жеке оқу жоспары.

#### **4-тарау. "Болашақ" стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін тағылымдамадан өтуге үміткерлерге қойылатын талаптар**

13. "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін тағылымдамадан өтуге конкурсқа қатысу шарттары мынадай болып табылады:

1) тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйымның сөзсіз (қаржылық шарттарды қоспағанда) шақыруының болуы;

2) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес мемлекеттік және шет тілдерін білу.

14. Тағылымдамадан өтуге үміткерлер конкурсқа қатысу үшін әкімшіге портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған анкета;

2) жұмыс органы бекітетін нысан бойынша жұмыс орнын сақтап қалу шартымен маман даярлауға жұмыс берушінің өтінімі;

3) портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған паспорт (сканерленген көшірмесі) және жеке куәлік;

4) қосымшасымен бірге бакалавр немесе маман дипломы, сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымында оқыған болса, білімі туралы құжатты тану туралы куәлік не Заңның 39-бабының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білімі туралы құжатты тану туралы өзге де құжат;

5) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 2-тармағына сәйкес бірыңғай жинақтаушы

зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдарды қоспағанда, портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және дерекқордан алынған еңбек қызметін растайтын құжаттар, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметі кезеңі үшін аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірме;

6) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат;

7) белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат;

8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша медициналық анықтама (шетелге шығатындар үшін);

9) тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйымның тізбеден таңдалған тағылымдамадан өтетін мамандығы, мерзімдері, құны (толық есептеулері жазылған) көрсетілген, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар сөзсіз (қаржылық шарттарды қоспағанда) шақыруын растайтын құжаттар;

10) жұмыс органы белгілейтін талаптарға сәйкес құрылған және тағылымдамаға жіберуші және қабылдаушы ұйымдар бекітетін тағылымдамадан өту бағдарламасы.

#### **5-тарау. "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін конкурсқа қатысуға үміткерлердің құжаттарын қабылдау және қарау тәртібі**

15. Үміткер құжаттар жиынтығын жұмыс органы бекіткен құжаттарды қабылдау мерзімі ішінде портал арқылы береді.

Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша үміткерге порталдағы жеке кабинетіне құжаттардың қабылданғаны және конкурсқа қатысуға рұқсат берілгені туралы немесе құжаттардың жұмыс органына жеке тәртіппен қарау үшін жіберілгені не оларды қабылдаудан дәлелді бас тартылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

Құжаттар осы Қағидалардың талаптары мен шарттарына сәйкес келмеген, сондай-ақ құжаттар жиынтығы толық ұсынылмаған жағдайда үміткер кемшіліктерді жояды және құжаттарды қабылдау үшін белгіленген мерзім кезеңінде құжаттар жиынтығын қайта тапсыра алады.

Конкурсқа қатысуға рұқсат алу үшін үміткердің және құжаттар жиынтығының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарауды әкімші жүзеге асырады.

16. Мына:

1) конкурсқа қатысу үшін үміткер ұсынған дипломда (бакалавр немесе маман) көрсетілген мамандық атауы мәндес мамандықтар тізбесінде болмаған;

2) академиялық оқуға тіркелгенін растау құжатында көрсетілген мамандық атауы тізбеден таңдап алынған мамандық атауына сәйкес келмеген;

3) үміткер ұсынған (бакалавр немесе маман) диплом немесе ағымдағы үлгерімі туралы анықтама бойынша оқуды бағалау жүйесі бағалар баламалылығы кестесінің бағалау жүйесіне сәйкес келмеген;

4) тізімде медициналық мамандықтар немесе өнер саласындағы мамандықтар бойынша мамандарды даярлауды жүзеге асыратын мамандандырылған шетелдік жоғары оқу орны болмаған;

5) құжаттарды тапсыру кезінде тілдік курстарда оқуға, академиялық оқуға/тағылымдамаға және кейіннен еңбекпен өтеуге кететін жиынтық шекті мерзімдер заңнамада белгіленген зейнеткерлік жас шегінен асып кеткен жағдайларда әкімші құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жұмыс органы үміткерлердің материалдарын қарауды және конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдауды жеке тәртіппен жүзеге асырады.

17. Осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген жағдайларда құжаттары жұмыс органына қарауға жіберілген үміткерлерге жұмыс органы шешім қабылдаған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде әкімші конкурсқа қатысуға рұқсат беру не конкурсқа қатысуға рұқсат беруден бас тарту туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Құжаттар жеке тәртіппен қаралған жағдайларда үміткерді конкурсқа қатысуға жіберуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) дипломда көрсетілген (бакалавр немесе маман) мамандықтардың оқу бағдарламаларының мән-дес мамандықтар тізбесінде көрсетілген мамандықтардың оқу бағдарламаларының біріне сәйкес келмеуі;

2) академиялық оқуға тіркелгенін растайтын құжатта көрсетілген мамандықты алуға арналған оқу бағдарламасының тізбеден таңдап алынған мамандықтың оқу бағдарламасына сәйкес келмеуі;

3) дипломның (бакалавр немесе маман) орташа балының немесе ағымдағы оқу үлгерімі туралы анықтаманың осы Қағидалардың 9-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеуі;

4) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу, резидентурада оқу үшін медициналық мамандықтар және өнер саласындағы мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын мамандандырылған шетелдік жоғары оқу орнының мынадай үш және одан да көп өлшемшартқа сәйкес келмеуі:

жылына кемінде үш жарияланған оқу құралын, монография, авторлық куәлік шығару;

трансұлттық компаниялардың іске асырылған кемінде үш ірі жобасының немесе/және осы оқу орны оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен соңғы 10 жылда өткізілген ұлттық және халықаралық мәні бар жобалардың болуы;

осы оқу орны оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен халықаралық және ұлттық деңгейдегі жылына кемінде 50 көрсетілім/концерт немесе 10 конференция/көрме өткізу;

осы оқу орнының халықаралық немесе/және мемлекеттік/ұлттық аккредиттеуден өткенін растайтын құжаттың болуы;

осы оқу орны базасында клиникалардың, зертханалардың немесе зерттеу орталықтарының болуы;

осы оқу орнының мамандануы саласында кемінде бір ұлттық және/немесе халықаралық сыйлығының болуы;

5) үміткердің осы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі.

Үміткердің конкурсқа қатысуына рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болған сәйкессіздіктер жойылған және бас тартуды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттар қайта тапсырылған жағдайда үміткер конкурсқа қатысуға жіберіледі.

Әкімші үміткердің құжаттарды тапсыру немесе конкурстан өту кезеңінде көрінеу жалған мәліметтер бергенін анықтаған жағдайда ол ағымдағы жылы конкурстық іріктеуге жіберілмейді.

## **6-тарау. "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру және өткізу**

18. Конкурс 3 (үш) турдан тұрады.

19. Бірінші және екінші турларды Қазақстан Республикасының ұйымдарымен және сарапшыларымен бірлесіп әкімші ұйымдастырады және өткізеді.

Бірінші турда зияткерлік қабілеттілік деңгейін, тұлғалық-іскерлік құзыреттерін, шетелде оқуға психологиялық дайындығын анықтау бойынша кешенді тестілеу жүргізіледі.

20. Екінші тур үміткерлердің тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен дербес анонимді әңгімелесуін ұйымдастыру арқылы өткізіледі. Тәуелсіз сараптамалық комиссияның құрамын, жұмыс тәртібі мен оны ұйымдастыруды Жұмыс органы бекітеді.

Екінші турда үміткердің кәсіптік дайындық деңгейі, теориялық білімі және таңдаған мамандану саласы бойынша кәсіптік құзыреттерінің болуы анықталады.

Әкімші бірінші және екінші турлардың өтетін орны мен уақытын айқындап, бұл туралы электрондық/телефон байланысы арқылы күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей үміткерді хабардар етеді.

21. Тәуелсіз сараптамалық комиссия жұмыс органы бекітетін нысан бойынша әрбір үміткер бойынша ұсыным береді.

22. Жұмыс органы үміткерлердің материалдарын кешенді тестілеу нәтижелерімен және тәуелсіз сараптамалық комиссияның ұсыныстарымен бірге Республикалық комиссияның қарауы үшін үшінші турға енгізеді.

23. Республикалық комиссия тәуелсіз сараптамалық комиссияның ұсынымдары негізінде "Болашақ" стипендиясын тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы түпкілікті шешім қабылдайды, ол туралы үміткер әкімшінің ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар етіледі.

24. Республикалық комиссияның шешімінде ауылдық елді мекеннен шыққан үміткерлер, инженерлік-техникалық, медицина қызметкерлері Жұмыс органы бекітетін тілдік курстардың ұзақтығы кестесіне сәйкес 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімде (ағылшын тілін үйрену үшін Қазақстан Республикасында 9 (тоғыз) айдан аспайды және шетелде 3 (үш) айдан аспайды) "Болашақ" стипендиясы есебінен шетелдік жоғары оқу орындарының талаптарына сәйкес тілдік курстан өту қажеттігі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өткен соң конкурс жеңімпазы ағылшын тілін білудің қажетті деңгейін анықтау үшін аралық бақылау тестін тапсырады.

Егер аралық бақылау тесті бойынша ағылшын тілін білудің қажетті деңгейіне қол жеткізілмесе, онда конкурс жеңімпазына оны өтпеген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде өз қаражаты есебінен қайтадан тапсыруға бір рет мүмкіндік беріледі.

Ағылшын тілін білуге арналған аралық бақылау тестін тапсырған жағдайда, конкурс жеңімпазы тілдік курстардан өту үшін шетелге жіберіледі.

Шетелде тілдік курстардан өткен соң конкурс жеңімпазы шет тілін білудің қажетті деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылау тестін тапсырады.

Тілдік курстардан өту кезінде тізімге енген шетелдік жоғары оқу орнына академиялық оқуға сөзсіз қабылданғанын растайтын құжат алған конкурс жеңімпазы қорытынды бақылау тестін тапсырудан босатылады.

Егер қорытынды бақылау тесті бойынша шет тілін білудің қажетті деңгейіне қол жеткізілмесе, онда конкурс жеңімпазына оны өтпеген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде өз қаражаты есебінен қайтадан тапсыруға бір рет мүмкіндік беріледі.

Аралық және қорытынды бақылау тестілерін тапсырған кезде шет тілін білудің қажетті деңгейін Жұмыс органы шетелдік ұйымдардың талаптарын ескере отырып белгілейді.

Егер конкурс жеңімпазы аралық немесе қорытынды бақылау тестін қайтадан тапсыра алмаса және шетелдік жоғары оқу орнына түсу үшін шет тілін білудің қажетті деңгейін осы тармаққа сәйкес белгіленген мерзімде меңгермесе, ол Республикалық комиссияның шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясы бойынша одан әрі тілдік курстардан өту, академиялық оқу құқығынан айырылады және Республикалық комиссияның "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешімі шыққан күннен бастап өзіне жұмсалған барлық шығыстарды өтейді.

25. Конкурс жеңімпаздары магистр дәрежесін алу үшін жетекші шетелдік жоғары оқу орнында, егер оны өту академиялық оқуға қабылдау үшін осы оқу орнының міндетті талабы болып табылса, магистратура алдындағы даярлықтан өтеді.

26. Республикалық комиссия шешімімен "Болашақ" стипендиясын тағайындаудан бас тартылған үміткерлердің ағымдағы жылғы конкурсқа қайтадан қатысуына жол берілмейді.

27. Конкурс жеңімпазы өзіне "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы Республикалық комиссия шешім шығарған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде әкімшімен жұмыс органы бекітетін үлгілік нысандар бойынша оқу шартын/тағылымдамадан өту туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасады, онда міндетті түрде мыналар қамтылуға тиіс:

1) шарттың нысанасы;

2) тараптардың құқықтары мен міндеттемелері;

3) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда өзін оқытуға/тағылымдамадан өткізуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелерді конкурс жеңімпазының орындауын қамтамасыз ету тәсілі;

4) "Болашақ" стипендиясы бойынша оқытудан/тағылымдамадан өтудің мерзімі мен шарттары;

5) конкурс жеңімпазының шетелде академиялық оқуын аяқтағаннан немесе тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасына міндетті түрде оралуы және "Болашақ" стипендиясы шеңберінде алған мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында болуымен (осы тармақшада көзделген Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде еңбек қызметін жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда) үздіксіз еңбек қызметін мынадай мерзімдерде және өлшемшарттармен жүзеге асыруы туралы талап:

осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген адамдар санаты үшін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ұйымдарда, қазақстандық және шетелдік ұйымдардың филиалдарында, өкілдіктерінде не акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда астанада немесе республикалық маңызы бар қалаларда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде – кемінде бес жыл не Қазақстан Республикасының өзге өңірлерінде – кемінде үш жыл;

осы Қағидалардың 4-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген адамдар санаты үшін жұмыс берушінің өтініміне сәйкес өздері жіберген ұйымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жұмыс берушінің филиалдарында, өкілдіктерінде не жұмыс берушінің келісімі болғанда Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан өзге ұйымдарда – кемінде үш жыл;

осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген барлық санаттар үшін қалаларда (облыс орталықтарында), облыстық, аудандық маңызы бар қалаларда және облыстың өзге де аудандарында мемлекеттік қызметте, сондай-ақ білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын бастауыш, орта, ортадан кейінгі, жоғары және жоғары

оқу орнынан кейінгі деңгейлердегі білім беру ұйымдарында, еңбек қызметін қоса атқармай жүзеге асыру шартымен – кемінде үш жыл;

6) конкурс жеңімпазы өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда жұмсау бағытында көзделген шығыстарды қаржыландыруды тоқтата тұру туралы талап;

7) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы салдарынан конкурс жеңімпазын өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату туралы талап;

8) осы Қағидалардың 4-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген үміткерлер үшін жұмыс берушінің жұмыс орнын (лауазымын) сақтауының міндеттілігі туралы талап;

9) еңбек қызметін жүзеге асыруын растайтын құжаттарды ұсыну міндеттілігі туралы талап.

28. Осы Қағидалардың 27-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген "Болашақ" стипендиясы шеңберінде алған мамандық бойынша үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыру мерзімі конкурс жеңімпазы шартта көзделген оқу үлгерімін сөзсіз қамтамасыз еткен және тізімге енген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар ұсынған өтеусіз оқыту шеңберінде магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін ала отырып, академиялық оқудың толық кезеңін аяқтаған, резидентурада оқыған жағдайда бір күнтізбелік жылға қысқартылады.

29. Конкурс жеңімпазы осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген мерзімде шарт жасамаса, конкурсқа қатысу үшін көрінеу жалған мәлімет ұсынса, шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаса конкурс жеңімпазын "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселені Республикалық комиссияда қарау үшін бастама жасалады.

30. Шарт конкурс жеңімпазының оқуын/тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру бойынша "Болашақ" стипендиясы тағайындалған күннен бастап жұмсау бағыттарына сәйкес туындаған барлық шығыстарды төлеуге байланысты ақшаны аудару үшін негіз болып табылады.

31. Үміткер тізімге енген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар ұсынатын академиялық оқуға өтеусіз негізде қабылданған жағдайда, академиялық оқуға ақы төлеуді қоспағанда, шығыстарға ақы төлеу "Болашақ" стипендиясының жұмсау бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс жеңімпазы "Болашақ" стипендиясы шеңберінде шарттық міндеттемелерді бұзумен байланысты емес себептер бойынша тізімге енген жетекші шетелдік жоғары оқу орны, сондай-ақ өзге де шетелдік және/немесе қазақстандық ұйымдар ұсынатын өтеусіз негізде академиялық оқу мүмкіндігін жоғалтқан жағдайда, әкімші "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – комиссия) шешімі бойынша, шартта белгіленген мерзімнен асырмай,

бекітілген оқу жоспарына/жеке оқу жоспарына сәйкес академиялық оқуы аяқталғанға дейін өтеусіз оқу мерзімі аяқталған кезден бастап "Болашақ" стипендиясын жұмсау бағыттары бойынша шығыстар төлемін толық көлемде жүзеге асырады.

32. Шарт жасалған соң және осы Қағидалардың 27-тармағының 3) тармақшасындағы талаптар орындалғаннан кейін конкурс жеңімпаздарын әкімші шетелдік жоғары оқу орындарына, шетелдік ұйымдарға оқуға/тағылымдамадан өтуге жіберуді және осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес ақшаны аударуды қамтамасыз етеді.

33. Конкурс жеңімпазы Республикалық комиссияның шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясынан айырылған жағдайда Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап оған жұмсалған барлық шығыстар, оған қоса тұрақсыздық айыбы (айыппұл), өтелуге тиіс.

Конкурс жеңімпазы "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда Комиссияның шешімі бойынша Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап оған тұрақсыздық айыбын (айыппұлын) төлемей, нақты жұмсалған барлық шығыстар өтелуге тиіс.

Егер "Болашақ" стипендиясынан бас тарту не одан айырылу еңсерілмейтін күш мән-жайлары, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, блокадалар, стипендия иегерінің медициналық-әлеуметтік сараптаманың тиісті анықтамасымен расталған науқастануы, заңнамадағы өзгерістер, мемлекеттік органдардың актілер шығаруы және басқа да мән-жайлар туындауының салдары болып табылса, егер олар шарттық міндеттемелерді орындауға тікелей әсер етсе, мұндай әсер етуге кедергі болу мүмкін болмаған және қалыптасқан жағдайларда қолданылуға болатын барлық ықтимал шаралар мен әрекеттер қабылданған жағдайда "Болашақ" стипендиясынан айырылған не одан бас тартқан адамдар шығыстарды өтеуден және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуден босатылады.

34. Жұмыс органы "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан не одан айырылған, сондай-ақ әкімші алдында қаржылық берешегі бар конкурс жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру тәртібін әзірлейді және бекітеді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 11 маусымдағы  
№ 573 қаулысына  
қосымша

**"Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттары**

**Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.27 № 355 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**



1. "Болашақ" халықаралық стипендиясын (бұдан әрі – "Болашақ" стипендиясы) жұмсау бағыттары "Болашақ" стипендиясын тағайындау конкурсы жеңімпаздарының (бұдан әрі – конкурс жеңімпазы) оқуын немесе тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруға байланысты мынадай шығыстарды төлеуді қамтиды:

1) визаларды (консулдық алымды) ресімдеу, ұзарту;

2) шетелдік жоғары оқу орындарына 5-тен (бес) аспайтын сауалнама нысандарын ресімдеу және тапсыру;

3) конкурс жеңімпаздарын қабылдаушы елдің уәкілетті органдарында және шетелдік жоғары оқу орындарында тіркеу;

4) шет тілі деңгейін айқындауға арналған аралық және қорытынды бақылау тестілеуін қоса алғанда, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі бойынша олардың тілдік курстардан өтуі қажет болған жағдайда – тілдік курстар;

5) академиялық оқу немесе тағылымдамадан өту;

**6) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 06.05.2020 № 271 қаулысымен.**

7) тағылымдамаларды, тілдік курстарды (бұдан әрі – тілдік мектеп), магистратура алдындағы дайындықты өткізуді жүзеге асыратын шетелдік жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың (бұдан әрі – шетелдік ұйым) талаптары бойынша академиялық оқуға, тілдік курстарға түсу кезінде, сондай-ақ конкурс жеңімпазының тілдік дайындығы, академиялық оқуы, тағылымдамасы процесінде қажетті міндетті қызметтер;

8) оқу елінде тұру және тамақтану, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту, оқу әдебиетін сатып алу;

9) тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, академиялық оқудан, тағылымдамадан өту елінің және (немесе) шетелдік жоғары оқу орнының, тілдік мектептің, шетелдік ұйымның талаптарына сәйкес міндетті медициналық тексеру;

10) конкурс жеңімпазының банк картасын ашу, қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін қайта шығару және оған қызмет көрсету (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері);

11) шет мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі – шетелдік әріптестер) айқындайтын шетелдік жоғары оқу орындарының, тілдік мектептердің немесе шетелдік ұйымдардың конкурс жеңімпаздарының үлгерімі туралы ресми құжаттарды (транскрипттерді) беруі;

12) жазатайым оқиғалар мен кенеттен ауру пайда болудан шетелдік студенттер үшін көзделген медициналық сақтандыру;

13) "Болашақ" стипендиясы тағайындалғаннан кейін академиялық оқу не тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту басталған сәттен бастап, Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту орнына дейін

және тілдік курстарды, магистратура алдындағы дайындықты, академиялық оқуды аяқтағаннан не тағылымдамадан өткеннен кейін кері бағытта жол жүру;

14) академиялық оқудың ұзақтығы 1 (бір) оқу жылынан артық болған жағдайда, Қазақстан Республикасында тұратын жерінен әрбір оқу жылының басында оқу жеріне дейін және әрбір оқу жылы аяқталғаннан кейін кері бағытта жол жүру, сондай-ақ Қазақстан Республикасында визаны ресімдеу не мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда , академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өту орнынан және кері бағытта жол жүру;

15) шетелдік әріптестердің академиялық оқуды, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету шарттары бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты шығындары.

16) шетелдік жоғары оқу орындарының академиялық күнтізбесіне сәйкес Аустралияда, Жаңа Зеландияда және Солтүстік Америка елдерінде магистратура бағдарламасы бойынша оқитын стипендиаттарға академиялық оқу орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін (ұзақтығы 2 (екі) ай және одан көп каникул кезеңінде) және кері жол жүру.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – 27.03.2018 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.05.2020 № 271; 06.12.2022 № 986 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

2. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі шет елдердің тиісті мемлекеттік органдары, шетелдік жоғары оқу орындары, тілдік мектептер, шетелдік ұйымдар, шетелдік әріптестер және/немесе статистикалық, рейтингтік және өзге де тиісті ұйымдар ұсынған құжаттардың және/немесе өзге де ақпараттың негізінде тамақтану, тұру, оқу әдебиетін сатып алу шығыстарының нормаларын әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ конкурс жеңімпазының Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тілдік курстардан, тағылымдамадан, магистратура алдындағы дайындықтан өту орнына дейін жол жүру көлігінің түрі мен класын айқындайды. Осы "Болашақ" халықаралық стипендиясының жұмсау бағыттарының 1-тармағында көзделген шығыстар көрсетілетін қызметті беруші ұйымдар беретін растау құжаттарының негізінде төленеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.12.2022 № 986 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК